

обращающие внимания на отдельного индивида. Только таким образом вся нация, народ сможет достичь благополучия для себя [7].

Поэтому в обществе, ставящем на первое место материальное благосостояние, главной ценностью является материальное богатство, престижность профессии и т.д., но не духовные, моральные и творческие потребности.

Не только высокий экономический уровень развития общества, но и статус интеллектуально-духовной элиты, отношение к культурным ценностям, уровень образования населения создают основу всестороннего развития личности с богатым духовным миром и высокими социальными потребностями.

Духовное богатство должно стать основой получения материального вознаграждения благодаря правилу интеллектуальной собственности. Таким образом, духовное богатство через личную интеллектуальную собственность будет (должно) создавать материальное богатство личности гуманистического общества. Общество должно обеспечивать одинаковые социальные, начальные условия жизни для всех, а дальше все зависит от способностей, трудолюбия и возможностей индивида в процессе его творческой деятельности. Индивидуально неповторимая композиция и внутренняя иерархия социальных потребностей конкретного человека определяют его личность. Наиболее важной характеристикой личности служит тот отрезок времени, в течение которого данная потребность занимает главенствующее положение в иерархии мотивов.

Таким образом, анализ социальных потребностей как необходимого фактора поведения и существования человека, является важным условием не только для решения собственно проблем потребностей, но и для выявления социальных противоречий, особенностей интересов, ценностных ориентаций различных социальных групп, для исследования философско-социологических проблем прогресса общества и совершенствования личности.

Литература:

1. Батулин В.С. Социальная деятельность: природа, сущность, стратегия организации. — Караганда, КарГУ, 2002. — 323 с.
2. Парсонс Т. О структуре социального действия. М.: Академический Проект, 2000. — 880 с.
3. Шпенглер О. Закат Европы: В 2 т. — М.: Айрис-пресс, 2004. — 528 с.
4. Фрейд З. Я и Оно: Сочинения. — М.: ЭКСМО-Пресс, 2001. — 864 с.
5. Кант И. Критика чистого разума. — М.: Мысль, 1994. — 591 с.
6. Ницше Ф. Так говорил Заратустра. — М.: Эксмо; СПб.: Мидгард, 2005. — 1024 с.
7. Гегель Г.-В.-Ф. Феноменология духа. — СПб.: Азбука-Аттикус, 2019. — 704 с.

Д.А. Мирамқұл, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, филология факультеті, КИ-41-22 топ, студент
(Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Қалиев Б.А.)

ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ БІРІККЕН СӨЗДЕР: КРОСС-МӘДЕНИ ҰҚСАСТЫҚТАР

Аннотация

Бұл мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі біріккен сөздердің (compound words) құрылымдық, семантикалық және кросс-мәдени ерекшеліктері салыстырмалы түрде талданады. Зерттеу аясында екі тілдің сөзжасам жүйесіндегі аналитикалық және синтетикалық тәсілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалып, эндоцентрилік, экзоцентрилік және копулятивті күрделі сөздердің лингвистикалық табиғаты қарастырылады. Қазақ тіліндегі аналитика-семантикалық сөзжасамның тарихи негіздері, оның ішінде силлабофонемалардың бірігуі арқылы туындаған көне номинациялар ғылыми еңбектерге сүйене отырып түсіндіріледі. Ал ағылшын тіліндегі compounding тәсілі арқылы жасалған сөздер жүйелі талданады. Зерттеу нәтижесінде екі тілдегі күрделі сөздердің жасалу жолдары мен мәдени-танымдық мазмұнының ортақ және ерекше қырлары көрсетіліп, кросс-мәдени ұқсастықтардың тілдік бейнедегі рөлі айқындалды.

Кіріспе

Әлем туралы адам санасында қалыптасқан бейне тіл арқылы таңбаланып, тілдегі көрінісі белгілі бір атаулар жүйесі арқылы белгіленеді. Демек, әлем бейнесінің атау түрінде тілде орнығуы – тілдің өз ішкі заңдылықтарына сүйенетін күрделі құбылыс.

Тілдің мәнін оның анықтамасынан-ақ байқаймыз: ол – адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізгі құралы. Тілдесу үшін дыбыс, сөйлем, мағына секілді сан алуан тілдік бірліктер қажет. Солардың ішінде ең маңыздысы – сөз.

Сөз – құрылымы да, түрлену мүмкіндігі де мол, тілдің ең күрделі элементтерінің бірі. Ұғымда қабылданған бейнені тілдік таңбаға айналдыру үшін сөзжасам жүйесі үздіксіз жұмыс істеп, жаңа атауларды қалыптастырып отырады.

Өртүрлі тілдердегі сөздердің жасалу жолдары көбіне бір-біріне ұқсас келеді. Бұл – тілдердің терең табиғатына тән ортақ қасиет. Тілдерді адамзаттың ортақ игілігі ретінде қарастыруымыз да олардың ішкі заңдылықтарындағы ұқсастықтарды анықтаумен байланысты. Көптеген ортақ белгілер сөзжасам жүйесінен

де байқалады: жаңа сөз жасаудың тәсілдері мен принциптері көптеген тілдерде бір-бірімен үндес. Айырмашылықтары тек қай сөзжасамдық амалдың неғұрлым жиі қолданылатынында ғана көрінеді.

Қазақ тілі түркі тілдер жанұясы Алтай тілдері әулетіне жатады. Түркі тілдері — Алтай тілдері әулетінің ең ауқымды және кең тараған тобы. Бұл топқа 40-тан астам тіл кіреді. Оларды әлем бойынша шамамен 180 миллион адам өз ана тілі ретінде қолданады. Түркі тілдерінің басым бөлігінде дыбыстық жүйе (фонология), сөз құрылысы (морфология) және сөйлем құрау ерекшеліктері (синтаксис) ұқсас болып келеді. Бұл ұқсастықтар олардың тарихи туыстығын және бір тілдік негізден тарағанын дәлелдейді. Ал ағылшын тілі — үндіеуропа тілдері әулетіне жататын герман тобының өкілі. Ол қазіргі таңда әлем бойынша ең кең тараған халықаралық тілдердің бірі болып саналады. Бұл тілдің грамматикалық құрылысы салыстырмалы түрде қарапайым болғанымен, сөз қоры өте бай және түрлі тілдерден енген сөздер көп. Дегенмен, екі тіл де сөздік қорға бай, олардың арасындағы кросс-мәдени ұқсастықтарды күрделі сөздер арқылы даралауға болады.

Мысалы, құрама сөз (compound word) — бұл бір лексикалық бірлікті екіншісімен біріктіру арқылы жаңа мағынасы бар сөз жасау тәсілдерінің бірі болып табылады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени сипатын салыстыра зерттеу өзекті мәселеге айналып отыр. Солардың бірі – күрделі сөздер (complex words), яғни екі немесе одан да көп түбірдің бірігуі арқылы жасалған лексикалық бірліктер. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі күрделі сөздер құрылымдық жағынан ұқсас болғанымен, олардың семантикалық және мәдени мазмұнында өзіндік айырмашылықтар бар.

Әдіс

Зерттеу барысында сипаттамалы әдіс (descriptive method) қолданылды. Бұл әдіс тілдік бірліктерді табиғи күйінде қарастырып, олардың құрылымдық, семантикалық және сөзжасамдық ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік береді.

Нәтиже мен талқылануы

Қазақ тіліндегі біріккен сөздердің жасалуы, соның ішінде аналитикалық сөзжасам тәсілінің ерекшелігі

Таңбалау жүйесінің көнеден келе жатқан бір тәсілі — сөздердің бірігуі не аналитика-семантикалық тәсіл делінеді. Сөзжасамның мұндай тәсілі ең көне замандарда-ақ қолданылып, ғылыми жолмен дәлелденген. Сонау антикалық кезең грамматикаларынан бастап, тіл дамуының негізін сөзжасам тәсілі ретінде тұлғалардың бірігуін атап көрсеткен.[1]

Платон «Кратилінде» этимологиялық тәсілдерді қолдана отырып, сөздердің әртүрлі мағыналарын анықтайды. Ешқандай морфологиялық тұлғасыз келген, екі сөздің бірігуі арқылы жасалған сөздердің этимологиялық мағыналарын көрсетеді. Айталық, грек тіліндегі /ajadov/ — жақсы мағынасы беретін сөз екі түрлі тұлға арқылы бірігіп жасалғанын жазады: /ajadov/ -ы, -таң қалу, -/woov/ – тез, шапшаң. Ал , -/woov/ сөзінің өзінің әр түрлі жеке бірліктерден құралатынын ескерте отырып, автор былай дейді: «а о “быстром” мы могли бы сказать, что оно составлено из других, а эти последние еще из других, но если бы мы взяли имя, которое уже не составлено из каких-нибудь других имен, то мы справедливо сказали бы, что мы уже дошли до элементов, и для нас нет необходимости возводить их к другим именам» [2]. Мұндағы айтпағымыз, Платон заманының өзінде-ақ түбір мен негіз мағынасы ерекшеленген, екселген. Сөздердің бірігуі арқылы жаңа сөз жасалатынын айқындап көрсете отырып, жеке алғанда туынды сөз құраушы бірліктердің өзін басқа бірліктер туғызатынын көрсетеді. Яғни аналитика-семантикалық сөзжасам туғызатын тұлғалардың әрбірінің өзіндік ішкі семантикалық күрделі құрылымы бар деген ойды анық байқамаймыз. Түптеп келгенде, мұның өзі көне тілдің мағыналық бірліктерінің жіктелетінін, ғалымдар айтып жүргендей, бір буынды силлабофонемаларға дейін этимологиялық негізін айқындала болатынын анықтай түседі.[1]

Аналитика-семантикалық тәсіл, ең көне сөзжасамдық тәсіл ретінде тілдің ежелгі даму сатыларында екі силлабофонемалардың бірігуі арқылы жаңа номинация жасаған. Түркітануда мұндай тұжырымдар А. Зайончковский еңбегінде кездеседі [3]. Силлабофонемалар толық лексикалық мағына білдіріп, олардың бірігуі арқылы жаңа номинация жасалғанын ескере отырып, мұндай құбылысты сөзжасамның алғашқы (модель) ретінде қарастырышып, аналитика-семантикалық сөзжасам көрінісі деп танымыз.

Аналитика-семантикалық сөзжасамның тіл дамуындағы рөлі ерекше болған. Танымда бұрыннан қалыптасқан атаудың қатысуы арқылы ұқсас әрі ұғымдық сипаты жақын заттар мен құбылыстарға атау беру ыңғайлы, оңтайлы. Кез келген екі сөздің немесе көне силлабофонеманың бірігуі не қосарлануы мүмкін бола бермейтіні түсінікті. Басқа сөзжасамдағы сияқты парадигматикалық және синтагматикалық қатынастар орындалуы қажет. Сондықтан сөздердің аналитикалық тәсіл арқылы жаңа номинативті атау туғызуы үшін, лингвистикалық және экстралингвистикалық заңдылықтар орындалуы қажет болады:

Лингвистикалық фактор:

- сөздердің ішкі семантикалық құрылымының сәйкес келуі;
- валенттілік заңының орындалуы;
- уәждеме негізінде айқындалатын ұғымды білдіруде таңбалаушы тұлғалардың бір-бірімен сәйкес келуі, мазмұн бірлігінің сақталуы;
- синтаксикалық қатынасқа түсу ерекшелігі;
- номинативті ерекше белгілерді айқындайтын ортақ семаға бірігуі, сөйтіп жаңа ұғымды таңбалау;
- коннотациялық мағынасының қонымдылығы.

Экстралингвистикалық фактор:

а) номинативті мағына мен атаудың семантикалық тұрақталып қалыптасуы үшін қажетті негізгі фактор — уақыт. Уақыт өте келе жаңа ұғым мен сөз-таңба бір-біріне етене сіңіп қалыптасады. Жаңадан жасалған туынды сөздің қалыптасуына, қабылдануына уақыт қана төрелік айтады;

ә) жаңадан жасалған атаудың жеке-дара сөз ретінде қабылдануы не қабылданылмауы; [1]

Жаңа атау сөздің халықтың сөйлеу тілінің қажеттілігін өтеуде қабылдануы не қабылданбауы таңбаның ішкі семантикалық болады. Айталық, І. Жарылғапұлы енгізген «балмұздақ», «саяжай», «аққайнар», «аялдама» т.б. сөздердің белгілі уақыт жұмсалып, халық игілігіне айналуының басты себебі де осында. Яғни сөздің ішкі семантикалық мағыналары олар атап көрсететін денотаттық мағынамен, ұғыммен дәл, айқын сәйкес келеді. Көрсетілген туынды сөздердің мағыналары сол ұғымның ерекше номинативтік белгілерін анықтай алады [1].

Аналитика-семантикалық сөзжасамның ерекшелігі толық мағыналы сөздердің семалық бірігуі арқылы жаңа номинация жасамдық жаңа мағына жасаудың екі жақты сипаты бар: біріншіден, жаңа сөзжасамдық мағына белгілейтін атаудың уәждемелік негізделуі айқын болады, яғни тұлғаның мағынасынан адам өзіне бұрыннан таныс информацияны тану арқылы затты не құбылысты көзге елестете алады. Айталық, балмұздақтың қандай екенін, қандай денотатты атап тұрғанын білмесе де, субъект оның «балға» тәттіге және мұзға қатысы бар екенін бағамдай алады. Бұл аналитикалық тәсілдің оңтайлы жағы. Екіншіден, құрамындағы екі тұлғаның да әуелгі мағынасы айқын, әрі танымда әбден қалыптасқан атаулар болғандықтан, олар жасаған жаңа сөзжасамдық мағынасы бар бірлік ерекше таңба ретінде бірден бағалана алмайды, сондықтан оны басқа күрделі тіркестерден айыру қиындық келтіреді. Айталық, терімсөз ретінде қолданылып, жеке номинативті мағына беретін сөздері жеке бірлік ретінде тани алмай, күрделі тіркес ретінде қарап, реестр сипатында сөздікте бере алмауымыз осыдан. Мысалы ҚТТС-та тек «темір» сөзі тізбемен беріледі де, жеке номинативті атау, ерекше номинативті бірлігі бар арнайы семалы сөздер – *темір жол*, *темір қазық* сөздері көрсетілмейді. «Теміржолшы» жеке бірлік ретінде танылады, себебі *-шы* жұрнағы арқылы жаңа туынды мағына жасалғаны анық көрінеді, ал *темір жол* лексемасы берілмейді. Мұнда да жаңа туынды мағына бар екеніне дау жоқ, «кінәсі» аналитикалық-семантикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалғанында.

Аналитикалық сөзжасамдық тәсіл негізінде де сөзжасамдық үлгілерді анықтауға болады. Мысалы:

Басшы

Аяқ

Бау

Шалғы

Қол

Арба

Бала

Жаулық

Тума

Ағаш

Таңба

Қап

Өнер

қанат

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөзжасамдық үлгіде қол сөзінің қайталануы арқылы бірнеше жаңа атаулар жасалып тұр. Бұл атаулардың әрқайсының өзіндік толық мағынасы бар, әрқайсының уәжділік белгісі мен негізделуі ерекше, әр атаудың белгілеп тұрған нысаны да әр түрлі. **Әр атаудың өзіндік когнитивті белгісі бар.** Дегенмен барлық атау бір *қол* сөзінің сөзжасамдық үлгісінде жасалғандықтан, олардың сөзжасамдық мағынасында қолдың өзек семасы барлық жаңа туынды атаулардың арнайы семаларында өзінің ізін сақтайды. Айталық, қолбасшы – көп қолдың басшысы, қоларба – қолмен жүргізетін арба, қолқанат – қолда ұстап жұмсап отыратын, көмегін көретін адам, қолөнер – қолмен жасалатын өнер, қолтаңба – қолмен жасалатын таңба, т.б.

Аналитикалық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған атаулардың барлығы бірдей негізгі мағына арқылы жасала бермейді, кей атаулар ауыспалы мағынада да жұмсала алады. *Қолқанат*, *қолжаулық*, *қолтума* сияқты сөздердің туынды мағыналары ауыспалы мағынасы арқылы жасалғанын бағамдау қиын емес.

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған термин сөздер жүйесі

Аналитикалық тәсіл ретінде қарастырылып жүрген сөзжасам амалдары жөніндегі осы саланы арнайы зерттеп жүрген ғалымдарымыздың пікірлері әр уақытта сәйкесе бермейді. Оны белгілі тілші ғалымдардың мына төмендегі жазғандары анық көрсетеді.

«Тілдегі, тілдік процестегі себеп-салдарлық құбылыс, байланыстарға мән бере бермегендіктен кейде сөзжасамның бұл тәсіліне біріккен, кіріккен сөздер, қосарланған, қайталанған сөздер, тіркесті (күрделі) сөздер жатқызылды. Бұлар яғни, біріккен (кіріккен) сөздер, қос сөздер, тіркескен сөздер сөзжасам тәсілі (аналитикалық немесе синтаксистік) негізінде пайда болған нәтиже яғни жаңа туындылар, олар біріктіру процесі арқылы, қосарлау я қайталау, тіркестіру нәтижесінде туған тілдік единицалар. Сондықтан бұл екі түрлі тілдік құбылысты бір-бірімен шатастыруға болмайды. Соған қарамастан грамматикаларда бұлар күрделі сөздер және оның түрлері ретінде беріледі» - деп жазады тілші ғалым С. Исаев.

2002 жылы тіл білімі институты шығарған көлемді еңбектің бірі саналатын «Қазақ грамматикасы» авторлары – «Біріккен сөздер дүниежүзіндегі тілдерге өте кең тараған. Олардың аналитикалық тәсіл арқылы

жасалатыны да ғылымда әбден танылған.» және «қос сөздер тілдің аналитикалық тәсілінің қосарлама тәсілі арқылы жасалады» - деп жазады. Бұл еңбектің сөзжасам бөлігін жазған тілші-морфолог ғалым Н. Оралбаева.

Көріп отырғанымыздай, сөзжасам мәселелерін арнайы зерттеген белгілі тілші ғалымдардың пікірлері бір арнаға тоғыса бермейді. Тіл білімінде бұл мәселе әлі де жан-жақты зерттеліп, ғалымдар бір ортақ пікірге келе жатыр. «Қазақ грамматикасы» авторлар ұжымы жазған, А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының ғылыми кеңесі ұсынған академиялық еңбек болғандықтан 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту тәсілдерін біз осы еңбек негізінде аналитикалық тәсілдің құрамында қарастырып, сала мамандарына ұсынып отырмыз.

Терминтанушылар әр түрлі еуропа тілдерінің терминологиясының 60%-дан 95%-ға дейін құрап, дара терминдерден әлдеқайда басым екенін атап көрсетіп жүр.

Сөзқосым тәсілі арқылы біріккен, кіріккен атаулар жасалады. Ондай атаулар қазақ тілінде көптеп саналады. «**Біріккен сөз** дегеніміз – жеке-дара сөздердің өзара шоғырлана тұтастыуынан жасалған дербес лексика-грамматикалық мағыналары бар туынды сөздер.»

Екі я онан да көп түбір сөздер біртұтас дыбыстық құрамға қосылып, бір лексикалық мағына беріп, бір ұғымды білдіріп, бір лексикалық единица жасайды. Мысалы, *еңбекақы, асқазан, зейнетақы, гүлсерік, бессайыс, елтаңба, әнұран, әуежай, бағдаршам, жеделхат, жанкүйер, желкерме (парашиют), қолжазба, қолхат, мұражай, сусабын (шампунь), дәйексөз (цитата), оққазар (телехранитель) т.б.* сөздер осы сөзқосым (словосложение) тәсілмен жасалған. Екі сөздің бірігуі нәтижесінде іштей морфемалық, дыбыстық өзгерістерге ұшырап, әбден жымдасып, тұтасып кеткен біріккен сөз түрін *кіріккен сөз* дейді. Мысалы, *білезік, қарлығаш, сексен, тоқсан* т.б. [4; 5; 6]

Ағылшын тіліндегі біріккен сөздер, олардың жасалу жолдары

Ағылшын тілінде сөздер көбіне сөйлем ішінде қолданылады және әр түрлі тәсілдермен жасалады: аффиксация, инфиксация, суффиксация, конверсия, редупликация, қысқарту (clipping), біріктіру (blending), қайта жасау (backformation), және акроним. Солардың бірі және жиі зерттелетіні — compounding (сөз біріктіру процесі) [7]. Compounding туралы. Compounding арқылы жасалған сөз — compound word (құрама сөз) деп аталады. Оны “екі сөзді біріктіріп жаңа сөз жасау процесі” деп анықтайды [8]. Мысалы:

space + ship → spaceship [9]. Мұндағы space — “Жер атмосферасынан тыс кеңістік”, ал ship — “адам немесе жүк таситын үлкен кеме”. Біріктірілгенде жаңа мағына береді — “ғарыш кемесі”.

Compounding: Бірігу арқылы жасалатын күрделі сөздер. Ағылшын тіліндегі күрделі сөздер (compounds) — екі не одан да көп түбірдің бірігуі арқылы жасалатын лексикалық бірліктер. Күрделі сөздер мағыналық, құрылымдық және синтаксистік сипаттарына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Олардың ішінде ең жиі қарастырылатындары — эндоцентрлік, экзоцентрлік және копулятивті (двандва) күрделі сөздер. Бұл модельдер күрделі сөздердің ішкі мағынасының қалай қалыптасатынын және басы сөздің (head) рөлін қалай атқаратынын көрсетеді.

1. Эндоцентрлік күрделі сөздер (Endocentric Compounds)

Эндоцентрлік күрделі сөздер — ең өнімді және ағылшын тілінде жиі кездесетін модель. Эндоцентрлік күрделі сөзді «басы сөз бен оған тәуелді сөзден тұратын, әрі бас сөздің мағынасы бүкіл күрделі сөздің мағынасының гипонимі болып табылатын құрылым» деп анықтайды [10]. Яғни күрделі сөздің мағынасы оның бас сөзінің мағынасымен тікелей байланысты, ал бірінші компонент екінші компоненттің мағынасын нақтылай түседі.

Ағылшын тіліндегі күрделі сөздердің көпшілігінде бас элемент оң жақта орналасатынын атап өтеді [11]. Сондықтан modifier + head үлгісі эндоцентрліктің негізгі көрсеткіші болып саналады.

Мысал (Example)	Мағынасы (Meaning)	Қазақша аудармасы
air field	a field where airplanes land	ұшақтар қонатын алаң
air hose	a hose that carries air	ауа өткізетін шланг
airplane	a conveyance that travels through the air	әуе арқылы ұшатын көлік (ұшақ)
bath towel	a towel used after bathing	жуынғаннан кейін қолданылатын сүлгі
bath tub	a place in which to bathe	жуынуға арналған ыдыс (ванна)
fire drill	a practice in the event of a fire	өрт кезіндегі жаттығу
fire truck	a vehicle used to put out fires	өрт сөндіретін көлік
steamboat	a boat powered by steam	бу күшімен жүретін кеме

2. Экзоцентрлік күрделі сөздер (Exocentric / Bahuvrihi Compounds)

Экзоцентрилік күрделі сөздерде семантикалық басы сөз болмайды. Бауэр (2003) мұндай құрылымдарды «күрделі сөздің мағынасы оның құрамындағы элементтердің ешқайсысының гипонимі емес» деп сипаттайды. Яғни мағына құрамнан тыс анықталады.

Экзоцентрилік күрделі сөздердің ерекшелігі — оларда кейде ерекше көптік тұлға –s қолданылады [12], мысалы: Bigfoots, Sabre tooths, Walkmans. Бұл формаларда екінші компонент грамматикалық бас рөлін атқармайды.

Кесте В. –s жұрнағын қолданатын экзоцентрилік күрделі сөздердің кейбір мысалдары

Мысалы	Мағынасы
Bigfoots	жойылып кеткен жолбарыс түрінің өкілдері
Maple Leafs	Торонтоның Ұлттық хоккей лигасы командасы
Sabre tooths	жойылып кеткен қылыштіс жолбарысы
Walkmans	портативті аудиокассеталық ойнатқыш түрі

3. Копулятивті (Copulative / Dvandva) күрделі сөздер

Копулятивті немесе двандва типіндегі күрделі сөздер екі компоненттің де мағынаға тең дәрежеде қатысуымен сипатталады. Бауэр (2003) мұндай күрделі сөздер «екі немесе одан да көп бөліктен тұратын біртұтас объектіні білдіреді» деп түсіндіреді.

Бұл модельде екі элемент coordinate relationship құрайды, яғни оларды and жалғауымен байланыстыруға болады: father and daughter → father-daughter. Ағылшын тілінде мұндай күрделі сөздер көп емес және сөзжасамдағы өнімділігі төмен.

Мысалдар: bittersweet, sleepwalk, player-manager, secretary-treasurer.

4. Күрделі сөз жасаудан туындайтын лексикалық категориялар

Күрделі сөздер әртүрлі лексикалық бірліктердің бірігуі нәтижесінде жаңа сөзжасамдық категория ретінде қалыптасады. O'Grady et al. (1996) күрделі сөздердің үш негізгі лексикалық категориясын көрсетеді:

1. Күрделі зат есімдер (compound nouns) — ең жиі кездесетін түрі (steamboat, fire truck, Walkman).
2. Күрделі етістіктер (compound verbs) — екі түбірдің бірігуі арқылы жасалады (sleepwalk, spoon-feed).
3. Күрделі сын есімдер (compound adjectives) — сипаттаушы мағына береді (bittersweet, red-haired).

Бұл категориялар күрделі сөздерді морфологиялық әрі семантикалық тұрғыдан жүйелеуге мүмкіндік береді.

Бірігу арқылы жасалатын күрделі сөздер ағылшын тіліндегі сөзжасамның маңызды бөлігі болып саналады. Эндоцентрилік, экзоцентрилік және копулятивті модельдер күрделі сөздердің ішкі құрылымы мен семантикалық қатынастарды сипаттайды. Эндоцентрилік күрделі сөздер ең кең таралған модель болса, экзоцентрилік және копулятивті түрлері — мағынасы ерекше, құрылымы күрделірек формалар. Ал күрделі сөздердің нәтижесінде зат есімдер, етістіктер және сын есімдер түрінде жаңа лексикалық категориялар қалыптасады.

Қазақ–ағылшын біріккен сөздерінің салыстырмалы талдауы

Бұл бөлімде қазақ және ағылшын тілдеріндегі біріккен сөздердің құрылымдық, семантикалық және мәдени ерекшеліктері салыстырылып, тілдік заңдылықтар негізінде талдау жасалды.

1. Эндоцентрилік күрделі сөздер
Қазақ тілі: теміржол, баспасөз, жеделхат.
Ағылшын тілі: spaceship, fireman, blackboard.
Ұқсастық: екі тілде де modifier + head моделі бар.
2. Экзоцентрилік күрделі сөздер
Қазақ тілі: қолқанат, қаракұс.
Ағылшын тілі: pickpocket, redhead, bigfoot.

Ұқсастық: мағына құрамнан тыс жасалады.

3. Копулятивті (двандва) күрделі сөздер

Қазақ тілі: ата-ана, аға-іні.

Ағылшын тілі: bittersweet, player-manager.

Ұқсастық: екі компонент тең дәрежеде.

4. Кросс-мәдени ерекшеліктер

Қазақ тілі: табиғат, тұрмыс, этнографиялық атаулар басым.

Ағылшын тілі: технология, ғылым, урбанизация атаулары басым.

Көрсеткіш	Қазақ тілі	Ағылшын тілі	Ұқсастық	Айырмашылық
Тіл типі	Агглютинативті	Аналитикалық	Екі тілде сөз біріктіру бар	Құрылымдық принциптері өзгеше
Эндоцентрлік	теміржол, жеделхат	spaceship, fireman	Head бар	Head орны өзгеше
Экзоцентрлік	қолқанат	pickpocket	Мағына құрамнан тыс	Қазақта эмоционалды түрлілігі көп
Копулятивті	ата-ана	bittersweet	Компоненттер тең	Ағылшында сирек
Мәдени мазмұн	Табиғат, тұрмыс	Технология, ғылым	Ұлттық ойлау көрінеді	Дүниетанымдық айырмашылық

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу қазақ және ағылшын тілдеріндегі біріккен сөздердің сөзжасамдық жүйесінде айтарлықтай ұқсастықтардың бар екенін көрсетті. Екі тілде де құрама сөздер жаңа номинация жасаудың өнімді тәсілі болып табылады, сонымен бірге олардың семантикалық құрылымы тілдің ішкі заңдылықтарымен және ұлттық дүниетаныммен тығыз байланысты.

Қазақ тілінде аналитика–семантикалық тәсіл тарихи тұрғыдан қалыптасқан көне әдіс ретінде танылып, силлабофонемалардың бірігуінен қазіргі біріккен сөздерге дейін үздіксіз дамыған жүйе екені байқалды. Оның уәждемелік негізі айқын, коннотациялық мағынасының тұрақты болуы жаңа атаулардың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Ағылшын тіліндегі compounding үлгілері (эндоцентрлік, экзоцентрлік, копулятивті) құрылымдық жағынан жүйеленген әрі өнімді. Бас (head) позициясының оң жақта орналасуы — ағылшын тілінің аналитикалық типін сипаттайтын негізгі ерекшеліктердің бірі.

Салыстырмалы талдау екі тілде де күрделі сөздердің жасалу моделі ұқсас болғанымен, олардың мәдени мазмұны әртүрлі екенін көрсетті:

– қазақ тіліндегі күрделі сөздер табиғат, тұрмыс, этнографиялық атауларды қамтыса,

– ағылшын тілінде технология, ғылым, урбанизациямен байланысты күрделі сөздер басым.

Бұл зерттеу кросс-мәдени тілдік ұқсастықтарды анықтауда, сөзжасамдық жүйелерді өзара байланыстыра қарастыруда маңызды нәтижелер береді. Алдағы уақытта бұл бағыттағы зерттеулер ұлттық-мәдени семантика, когнитивтік лингвистика және лингвомәдениеттану тұрғысынан кеңейтіліп жүргізілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам: монография. 2-бас. / А.Б. Салқынбай. -Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 316 б.
2. Есенғұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қос сөздер және олардың қазақ әдеби тіліне қатысы жайында // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен жолдары. -Алматы: Ғылым, 1981. 183 б.
3. Зайончковский А. К вопросу о структуре корня в тюркских языках. «В.Я», №2. 1961.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздің-оқулық. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. - 208 бет.
5. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін] / С. Исаев ; құраст.: Ғ. Әнес, Н. С. Исаева. – Алматы : Абзал-ай, 2014. – 640 б.
6. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. - Астана, 2002. - 784 бет.
7. Christianto D. Compound Words in English // LLT Journal: A Journal on Language and Language Teaching. – 2020. – Vol. 23, No. 1. – P. 27–36.
8. Plag, I. (2003). Word-formation in English. Cambridge: Cambridge University Press.
9. Aronoff, M. & Fudeman, K. (2011). What is morphology? (2nd ed.). Malden: WileyBlackwell.
10. Haspelmath, M. & Sims, A. D. (2010). Understanding morphology (2nd ed.). London: Hodder Education
11. Katamba, F. (1993). Morphology. New York: St. Martin's Press.
12. Bauer, L. (1983). English word-formation. Cambridge: Cambridge University Press.
13. O'Grady, W., Dobrovolsky, M., & Katamba, F. (1996). Contemporary linguistics: An introduction. London: Longmont